

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІШТЕУ – ОТАН АЛДЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МІНДЕТ

Джекебаева М.А.<sup>1</sup>,

<sup>1</sup>филос.ғ.к., доцент

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,

Алматы, Қазақстан

81makpal@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада "ұлттық құндылықтар", "ұлттық патриотизм", "Бостандық", "жауапкершілік өмірлік құбылыс ретінде" және "әлеуметтік шындық" ұғымдары қарастырылады.

Отанымызды сақтау мақсатында қан төккен батырларымызды келер ұрпақтың ұмытпауына, қадірлеуіне, бейбітшілікті ең басты құндылық ретінде қарауына атсалысу - бүгінгі таңдағы маңызды мәселе. Мақалада патриотизмнің жастар өміріндегі маңызы, ұлттық құндылықтардың қажеттілігі қарастырылған.

Мақалада ұлтымыздың елжандылыққа, ұлттық патриотизмге тәрбиелеудегі таным-түсінігі, жауапкершілік пен еркіндікті кие тұтқандығы, оған моралдық-этикалық тұрғыда айрықша мән бергендігі айтылады. Жаһандану дәуірінде, егер қазақстандықтар өзінің мәдени бірегейлігі мен тұрақтылығын, тұтастығы мен ынтымағын сақтағысы келсе, онда бұл проблема өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу арқылы шешілуге тиіс.

**Тірек сөздер:** ұлттық құндылық, Отансүйгіштік, елжандылық, жастар, еркіндік пен жауапкершілік.

Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын - оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек. Ұзақ уақыт бойы қыспақта болып, құрудың алдында қалған ұлттық құндылықтарымызды ұлт болашағының негізгі діңгегі ету - мемлекет басшысының "Рухани жаңғыру" бағдарламасының басты өзегі.

Осы ретте, еліміздің ертеңі, әрқайсымыздың өмір жалғасымыз болып табылатын жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу - аса өзекті тақырып. Жастардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген адамгершілік тәрбие мен адами сезімді қалыптастыру және дамыту мәселесі қазақ ақын-жырауларының ой иірімдері, даналық тұжырымдарында көрсетілген. Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын - оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек. Ұзақ уақыт бойы қыспақта болып, құрудың алдында қалған ұлттық құндылықтарымызды ұлт болашағының

негізгі діндегі ету - мемлекет басшысының "Рухани жаңғыру" бағдарламасының басты өзегі.

Халқымыз "Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез" дегенді тегін айтпаған. Сондықтан да ғасырлар бойына сөз құдіретін сезіне білген, шешеннің билігіне тоқтаған, елдікті сақтаудағы тапқырлығына тәнті болып, дәріптеген. Қыз бен жігіттің бір-біріне алғашқы сезім білдіруі айтыс түрінде өрбісе, қариялар бата беріп, ақ жол тілеп отырған, тұтас қоғам өмірін қадағалай білген. Ал өнер сайыстарының қайсысы болмасын өскелең ұрпақты ерлікке, батырлыққа, тапқырлыққа, терең ойлылыққа тәрбиелеген. "Өткеннің өнегесі - бүгінгінің баға жетпес байлығы» екендігін естен шығармай, мәдениетімізді терең зерделеу арқылы "Мәңгілік ел" бола алатынымыз хақ.

Қазақ халқы бүкіл түркі-халықтарының ата қонысын «найзаның ұшы, білектің күшімен» сақтап қалған жауынгер де жомарт, ауызбірлікті, білімдар халық. Қазіргі нарық жағдайында жеке адамдардың бостандығы дегеніміз, жеке меншіктің бостандығы. Ал дәстүрлі қазақ қоғамында, қазіргі Қазақстанда жастарды Отансүйгіштікке, елжандылыққа, ұлттық патриотизмге тәрбиелеудің әлеуметтік-философиялық көрсеткіштері мән-маңызы қандай? Олар қандай дәрежеде? Осындай бірқатар сұрақтарға жауап іздеп көрелік. Бұл үшін ең алдымен бұл ұғымдарды дәстүрлі қазақ қоғамында қалай қарастырғанын білу қажет.

Қазіргі қоғамдық дамудың ең өзекті мәселесі – жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеу үшін оларды анықтаушы факторлар: еркіндік пен жауапкершілік бірлігі, өзара байланысын анықтау болып табылады. Себебі тәуелсіздігі бар Отаны бар жастар әрдайым еркін әрі жауапкершілікті тұлға болып қалыптаса алады. «Өзге ұлтта сұлтан болғанша өз ұлтыңның ұлтаны бол!» мақалының төркіні де осында. Шетелге барып, бар жағдаймен, жоғары айлыққа жұмыс істесеңіз де, өз Отаныңызға қызмет етудің жайы бір бөлек, туған жерге тағзым мен сағыныш бәрібір сізді өзіне тартары анық. Сондықтан шетелге барып, ел, жер, мәдениет көрген, тіл үйренген, тәжірибе арттырған дұрыс, дегенмен жинаған білімің мен тәжірибеңмен өз ұлтыңа қызмет қылсаңыз нұр үстіне нұр деп ойлаймын.

Ұлтымыздың елжандылыққа, ұлттық патриотизмге тәрбиелеудегі таным-түсінігі жауапкершілік пен еркіндікті кие тұтып, оған моралдық-этикалық тұрғыда айрықша мән берген. Әлем үрдісіндегі ғаламдасу заманында халқымыз өзінің мәдени біртектестілігі мен тұрақтылығын, тұтастығы мен ынтымағын сақтап қаламын десе, онда осы біз қалам тартып отырған мәселе де, елжандылыққа, ұлттық патриотизмге тәрбиелеу осы заман үрдісінен амансау алып, келешек ұрпаққа жеткізуге тиіс. Орхон-Енисей жазбалары түркі халқының азаттықты сүйіп, еркіндікті аңсағанынан шыққан туынды, Отанға, еркіндікке деген құлшынысты жалындататын баға жетпес мұраның бірі. Еркіндік пен жауапкершіліктің алғашқы белгілері халық фольклорінде мақал-мәтел, ертегі, эпосынан көрінеді. Қазақ даналығында адамның көңіліне ой

салар өлім мен өмір мәселесі, дүниенің жалғандығы өмірде адамшылықпен кету керектігін түсінген ұлы тұлға Қорқыт есімімен байланысты.

Қорқыт жырларындағы отаншылдық пен ерлік, ізгілік пен әдептілік, сабырлылық пен төзімділік – асыл қасиеттер. Қорқыт көтерген мәңгілік мәселесі – өмірсүйгіштікке шақыру болып табылады. Оның ойынша тек өмір сүйген адам ғана өз ұрпағын адамгершілік негізінде тәрбиелейді, сол арқылы халықтың болашағы алдында өзінің жауапкершілігін түсінеді және перзенттік борышын барынша парасаттылықпен орындауға тырысады. Іс-әрекеттегі ұқыптылық адамдардың үлкен өмірдің алдындағы жауапкершілігі.

Отандық философиядағы Отансүйгіштікке, елжандылыққа мәселесіне тоқтала кетсек, бұл мәселеге ойшылдар практикалық жағынан келді, игілікті қаланы меңгеру ақыл, өнегелі адамдар тәрбиелеу дана басшылар қалыптасу арқылы ғана болады. Осы қасиеттердің бәрін бойына жинаған мемлекет басшысы ғана, мемлекет басқарып, оны гүлдендіре алады. Бұл қасиеттерді иеленген басшының үлкен жауапкершілікте болатыны даусыз. Қазіргі кезеңде де егер басшылықтағы адамдар осындай қасиеттерге ие болса, мемлекет жағдайы сөзсіз жақсарар еді деп ойлаймыз.

Бұқар жырау Абылай ханның тікелей кеңесшісі қызметін атқара жүріп, артына көп мұра қалдырған тұлға. Ел басқара білу ең ауыр, азапты, жауапкершілікті жұмыстың бірі. Ал басқара білу өнері үйренуді, жалықпай үлгі-өнеге алуды талап етеді. Халқы, жері, Отаны үшін күресу, ел-жерін сақтау, ұрпағының болашағын бағдарлау, сол кезеңнің кезек күттірмейтін мәселесінің бірі. Міне, осы жолда Бұқар жырау Абылай ханға кеңесші бола отырып, оған басқару өнерін үйретеді, мін тағатын тұстарын атайды [1, 25 б.].

А. Байтұрсынов ұсынған саяси бағдарламаның мәні қазақ халқын отарлық тәуелділіктен азаттау және прогресс пен өркениет, еркіндік жолына түсіру болды. Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін «Алаш» партиясы құрылды. Оның басшылары қазақ қоғамының тәуелсіздігіне заңды жолмен жетуге тырысты. Ол былай деп жазған еді: «Өз алдыма мына мақсатты қойдым, яғни, қазақ халқының мәдениеті мен еркіндігін көтеруді, көпшілік мені түсінбеуі де мүмкін. Өлім менің денемді ғана әкете алады, ал идеяларым мәңгі халқымның жадында қалады деп үміттенемін» [2, 36 б.]. Оның бұл идеяларын «Алаш орда» қозғалысының көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаев жалғастырады.

М. Жұмабаев өз шығармашылығында Отанға құрметті, еркіндікті адамдардың мәндік белгілері арқылы анықтайды. Еркіндік адамдардың өз мақсаты мен мүдделеріне сай, объективті қажеттілік танымына сүйене отырып, әрекеттенуі, оның негізі Отанға деген шексіз құрмет және тәуелсіздікке ұмтылыста деген. М. Жұмабаев Отанға құрметен рухани еркіндікке көп мән бергендігімен де көрсетеді [3, 108 б.].

Ол Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты Отанға тағзым - ақиқат немесе идеал деп қарастырған. Отанға деген сүйіспеншілік - адам болмысының сипаттамасы ғана емес, сонымен қатар интеллект, өнегелік және еріктің нәтижесі деп анықтама береді [4, 25 б.].

М.Жұмабаевтың ойларымен оны жалғастырушы М. Дулатов та қосылады, қоғамдық қайраткер және ақын М. Дулатов халықтың қажеттілігі мен мұң-қайғысын мүддесін жақтаушылардың бірі болып саналады. Сондықтан ол үшін халық азаттығы мен еркіндігі бірінші кезектегі мәселе болып табылды. Оның болашағын ол Отанымыз тәуелсіздік алса деген арманынан байқауға болады, және өндірістің дамуымен, білім жүйесінің саяси-әлеуметтік мәдениетпен байланыстырады.

«Алаш» бағдарламасының негізгі мәні адамдардың табиғи құқығы мен еркіндігін көтеру болып саналған. Ойшылдардың көзқарасынша, еркіндікке жету бақытқа жеткенмен бірдей, еркіндік тәуелсіздікпен байланысады. Тек тәуелсіз елдің ұрпағы ғана жетістікке жетеді деп сенген. Жоғары деңгейдегі өркениетке жету үшін қазақ халқының мәдениетінде Отанымыздың тәуелсіздігі еркіндік ең жоғарғы практикалық және рухани құндылық болып қалады және қала да бермек. Қазақ ойшылдарының көзқарасынша ұлттық езгіден құтылу, туған жерінде қазақ халқының еркін өмірінің басталатынын, суверенитетке әкелетінін айтып өтеді.

1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысы тұсында Отан алдындағы парыз сезімі идеология болды. Патриоттық идея – Отаншылдық адамға туа біткен қасиет емес, ол жүре түзелетін адамның саналы өміріндегі қабаттас құбылыс. Отанға деген сезімнің шынайы қайнар көзі – туған жер табиғаты, ана тілі, салт – дәстүрі, тарихи ата – бабаларының ерлігі. Олар әр адамзат бойына намыс, ар, сүйіспеншілік ұялатады. Бірде бір адамзат өзінен бұрынғы ата-буынның ақыл – ойын, тәрбиелік тәжірибиесін пайдаланбай өмір сүрген емес, батырларымыз Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов және тағы да басқалардың өткен ерліктері, көрсеткен қызметтері, олардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арқасында ғана қазір бейбітшілік заманда өмір сүріп жатырмыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жақсы жан-тәнімен сезіну керек», – деген тұңғыш президентіміздің ғибрат сөзі патриоттық ұғымының, ел мен жердің бүтіндігін сақтау, халықтар достығы мен бірлігі екенін нақтылай түседі.

Бойымызда отансүйгіштік, ерлік, батырлық, патриоттық сезімдерді арттыру үшін өткен ата-бабаларымыздан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алуымыз керек. Оларды қуана еске алып, мақтана айту - қазақ халқының әрбір перзентінің парызы. Таңның атысы, күннің батысында тек еліңді еске түсір, Отаныңды ойла, туған жеріңді жырла. Сонда ғана сен «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» демекші, кіші емес кісі боласың, ел қажетіне жарар нағыз азамат боласың. Сонда ғана сен бақытты боласың деген қасиеттерді жастардың бойына сіңіру – негізгі міндеттердің бірі. Патриоттық тәрбие – тамыры терең тәрбие. Сол себепті патриоттық тәрбие тамырын кеңге жаюы тиіс.

Шынайы еркіндік елімізге тәуелсіздік арқылы 1991 жылдан бастап келді. Еркіндік бостандық, дербестік, суверендік, егемендік сөздері синоним сөздер болып айтыла бастады. Мінекей, бостандықтың бағасының оңайлықпен

келмегенін түсініп, ұмытпас үшін осы факторлардың өзі жеткілікті. Тәуелсіздік, еркіндік үшін қозғалыстар қашанда болған. Сондықтан тәуелсіздік үшін күрескен асыл жандарды мәңгілік ұмытпау – ең басты жауапкершілігіміз болмақ деп санаймыз.

Сондықтан алдымыздағы міндеттің бірі де тек сапалы білім ғана емес, дұрыс тәрбие бере білу болмақ. Себебі, жастарымыз біздің ертеңгі күнге сеніммен аяқ басатын, еліміздің болашағына жауапты, туымызды биік ұстайтындар қара көз аруларымыз бен сұлу, қажырлы, еңбекқор жігіттеріміз. Еркіндіктің болғаны өте дұрыс, тек шектен шығушылық болмаса екен дейміз. Қандай да бір іс-әрекет атқарардан бұрын жауапкершілікті ойласақ дейміз. Әр қадамымызды дұрыс аттай білсек әрине дұрыс-ақ.

Болашақ буын үшін бейбітшілікті өмірді сақтап қалу мақсатында, олар еркіндікті сыйлады, тәуелсіздік үшін күресті, оны сақтап қалу мақсатында көптеген құрбандықтарға барды.

Бұдан шығатын қорытынды, біздің жастарымызға елін сүю, елжандылық, халқына қызмет ету сияқты құндылықтарды көбірек айтып, түсіндіру керек деп ойлаймын. Елжандылық жоқ жерде, немесе, аз болған жағдайда, халқына, еліне, өзіне, тіліне және өз туыстарына деген жауапкершіліктің де аз болатыны байқалады емес пе.

Ғасырлар бойы халқымыздың ерен туған батырлары еліміз бен жерімізді жаудан қорғап келген жоқ па. Елі мен жері үшін соңғы демі үзілгенше күрескен қас батырлар есімі мәңгі тарихта ұмытылмайды. Сондықтан Ұлы Отан Соғысына қатысып, өз өмірін құрбан еткен батыр апа-аталарымыздың есімі мәңгі сақталмақ.

Қазақ халқы қашанда ерлік істерден бастау алған өр халық болғанбыз. Елжандылық болмаса, халқымызды сүйе алмасақ, осы құндылықтар үшін күресе алмасақ, тілімізді құрметтей алмасақ ата-бабаларымыздың күресінің мәні қалмас еді.

Ендеше жастарымызды елжандылыққа шақыратын танымдық үгіттер жүргізу дұрыс тәрбие беруге бастама. Патриоттық тәрбие – еліміздің әлеуметтік – экономикалық, саяси дамуы жаңа сапаға ие болып, тәрбие процесіне жаңаша көзқарас қажет болып отырғандықтан, қазіргі кезеңнің күрделі шарттары аясында іске асырылуда. Мұның барлығы патриоттық тәрбиенің төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді:

- өткен уақыттағысына негіз болады, олардың негізінде спортшыларды патриоттық іс-әрекетке қатыстыруға болатын оқу- тәрбие процесін түзеуге болады;

- патриоттық тәрбие өзінің мақсаты бағыттылығымен жас спортшылардың отанға деген сүйіспеншілігін арттырады;

- патриоттық тәрбиеде мақсаттар мен мазмұндардың, нысандардың және тәрбие әдістерінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін жеке- әрекеттілік, кешендік қатынас пайдаланылады. Мұның өзі тәрбиеленушіге біртұтас тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін топтық және даралық ықпал қолдануға жағдай жасайды.



Сонымен, оқушыларға және жастарға патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты – оқушының, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық іс-әрекеттерін саналы түрде меңгеріп алудағы талпынысын айқындайтын саяси-моральдық, кәсіптік, психологиялық, дене шынықтыру сияқты сапаларды қалыптастыру.

#### ӘДЕБИЕТ

- 1 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 25- 35 бб.
- 2 Молдабеков Ж.Ж. Қазақ осы мың өліп, мың тірілген. – Алматы: Санат, 1998. – 200 б.
- 3 Ешенұлы Ғ. Нағашыбай Шәйкенов бәрі туралы // Заман-Қазақстан.– 1996. – 6 желтоқсан.
- 4 Проблемы свободы в творчестве М. Жумабаева // Восток-Запад. Диалог культур: материалы III международного симпозиума / сборник статей. – Алматы, 2004. – С. 25.
- 5 Шаймарданова З.Д. Трансформация подходов к обеспечению безопасности // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана”, серия “Международные отношения и регионоведение”. - 2018. - № 4.- С.7-13.
- 6 Джекебаева М.Ә. Еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысына әлеуметтік-философиялық талдау. филосо. ғ. к. ғ. дисс. - Алматы: 2008. – 36 б.

#### REFERENCES

1. Kelimbetov N. Ejelgi dauir adebiety (Literature of ancient time)– Almaty: Atamura, 2005. – 25- 35 pp.
2. Moldabekov J.J. Qazaq osı mın olıp, mıntirilgen. – (Kazakhs are thousand dead and thousand resurrected nation). Almaty: Sanat, 1998. – 200 p.3
3. Eshnuly G. Nagaşıbay Shaikenov bari turaly (Nagashıbay Shaikenov about all)№ Zaman-Qazaqstan.– 1996. – 16 jeltoksan.
4. Problemy svobodı v tvortchestve M. Jumabaeva (Problems of freedom in the work of M. Zhumabayev). № Vostok-Zapad. Dialog kultur:materialı III mejdunarodnogo simpozıwma: Sbornik statey. – Almaty, 2004. – p. 25.
5. Shaimardanova Z.D. Transformatiya podhodoov k obespeçeniyu bezopasnosti. (Transforming security approaches). Izvestiya KazUMOıMYa ĩmeni Ablai khana”, seriya “Mejdunarodnie Otnoşeniya İregionovedenie”. - 2018. - № 4.- p.7-13.
6. Djekebaeva M.A. Erkindik pen jauapkershiliktin ozara baylanısınaaäleumettik-filosofiyalik taldau: (Socio-philosophical analysis of the relationship between freedom and responsibility)Fil. g. k. ... diss. – Almaty, 2008. – 36 p.

#### ПРОДВИЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ЯВЛЯЕТСЯ ГЛАВНОЙ ЗАДАЧЕЙ ПЕРЕД СТРАНОЙ

Джекебаева М.А.<sup>1</sup>,  
<sup>1</sup>к.филос.н., доцент

КазУМОиМЯ имени Абылай хана,  
Алматы, Казахстан  
81makpal@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматриваются концепты «национальные ценности», «национальный патриотизм», «свобода», «ответственность как жизненное явление» и «социальная реальность». Сегодня важно помочь подрастающему поколению помнить и

уважать наших героев, проливших свою кровь ради спасения нашей Родины, видеть мир как важнейшую ценность.

В статье рассматривается важность патриотизма в жизни молодежи, потребность в национальных ценностях. В статье говорится, что наша нация имеет чувство ответственности и свободы в воспитании патриотизма, национального патриотизма, уделяет этому особое внимание с морально-этической точки зрения. В эпоху глобализации, если казахстанцы хотят сохранить свою культурную идентичность и стабильность, целостность и солидарность, то эта проблема должна решаться посредством воспитания патриотизма порастающего поколения.

**Ключевые слова:** национальные ценности, патриотизм, молодежь, свобода.

## **PROMOTION OF NATIONAL VALUES IS THE MAIN TASKS BEFORE THE COUNTRY**

Jekebayeva M.A.<sup>1</sup>,

<sup>1</sup>c.philos.sc., assoc.proffessor

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World  
Languages,  
Almaty, Kazakhstan,  
81makpal@mail.ru

**Abstract.** The article deals with the concepts of "national values", "national patriotism", "freedom", "responsibility as a vital phenomenon"and" social reality".

It is important today to help the next generation to remember and respect our heroes who shed their blood in order to save our homeland, to see peace as the most important value. The article considers the importance of patriotism in the lives of young people, the need for national values.

The article says that our nation has a sense of responsibility and freedom in the education of patriotism, national patriotism, and pays special attention to it from a moral and ethical point of view. In the era of globalization, if Kazakhstanis want to preserve their cultural identity and stability, integrity and solidarity, then this problem must be solved by educating the patriotism of the younger generation.

**Keywords:** national values, patriotism, youth, freedom and responsibility

Статья поступило 10.09.2020